

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы «Табиғи дәрілік заттарды талдау» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (СИЛЛАБУС)		044-55/ 1 стр. из 36



СИЛЛАБУС

Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы
 «Табиғи дәрілік заттарды талдау» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
 6B10106 - «Фармация» Білім беру бағдарламасы

1	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: TDZT4303	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пән атауы: Табиғи дәрілік заттарды талдау	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: аналитикалық химия, органикалық химия, дәрілік заттарды талдау және зерттеудің жалпы әдістері	1.8	Семестр: VI
1.4	Реквизиттен кейінгі: токсикологиялық химия, фармацевтикалық химия, фармакогнозия	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Циклі: КП	1.10	Компонент: ЖООК

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		2 стр. из 36

2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден аспайды)		
Нормативті құжат талаптарына сай химиялық және физика-химиялық әдістерді қолданып, терпеноидтар, стероидты қосылыстар, дәрумендер, алкалоидтар, антибиотиктер туындылары дәрілік заттарына талдау жүргізу.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу	3.3	Ауызша+
3.2	Жазбаша	3.4	ОҚТЕ+
4.	Пәннің мақсаттары		
Табиғи биологиялық белсенді қосылыстарды жасау, алу, сақтау және қолдану сатыларында фармацевтикалық талдау жүргізуді меңгеріп дағдыға алу, ДЗ физикалық және химиялық қасиеттерін, олардың фармакопоялық әдістерін зерттеу бойынша білім алушылардың білім негіздерін қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН1.	ДЗ, ДӨШ, фармацевтикалық субстанцияларды, стандартты үлгілерді, қосалқы заттарды және материалдарды сапасын бақылауды жүргізетін ұйымдастыру-құқықтық, юристік және методологиялық негіздерін білуді және түсінуді демонстрациялау фармацевтикалық талдаудың мақсаты мен міндеттері туралы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана біледі және олардың алыну көздерін есепке ала отырып табиғи дәрілік заттардың (аминқышқылдар, көмірсулар, бүйрек үсті безінің гормондары, қалқанша безінің гормондары терпеноидтар, стероидты қосылыстар, витаминдер.) сапасын бақылауда қолданылады		
ОН2.	Жасау, алу, сақтау және қолдану кезеңдерінде дәрілік субстанциялар мен дайын дәрілік түрлердің сапасын бақылауға арналған фармацевтикалық талдаудың барлық түрін жүзеге асырады: - жасау, алу, сақтау және қолдану кезеңдерінде дәрілік субстанциялар мен дайын дәрілік түрлердің сапасын бақылауға арналған фармацевтикалық талдаудың барлық түрін жүзеге асырады, дәрілік заттардың идентификациясын, тазалығын және сандық мөлшерін анықтауда қазіргі заманауи физика-химиялық әдістерді қолданады; - алу, өндіру сақтау және босату кезеңдеріндегі дәрілік заттарға қойылатын нормативті құжаттардың талаптары мен фармацевтикалық талдаудың нақты нәтижелерінің арасындағы себепті байланыстың мәселелерін шеше отырып, аргументтерді құрастырады.		
ОН3.	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		3 стр. из 36

	жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады: • ақпараттарды жинақтауды жүзеге асыра отырып, фармацевтикалық талдау саласында нормативті құжаттар және ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасай алатынын көрсетеді. • өзіндік тәжірибелік жұмысының нәтижелеріне интерпретация бере отырып, дәрілік заттардың сапалық көрсеткішіне нормативті құжаттар талабына сай қорытынды береді.
ОН4	Мамандарға, маман еместерге де да ақпаратты, идеяларды, про-блемаларды шешуді хабарлайды: • дәрілік заттарға фармацевтикалық талдау жүргізу және алынған нәтижелерді құжаттау жөніндегі мамандарға, сондай-ақ маман еместерге дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігі туралы ақпа-ратты, идеяларды, проблемаларды шешуді хабарлайды
ОН5	Оқытылатын салада өзіндік оқуды жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары: • ақпаратты іздеу және талдау, дәрілік заттарды стандарттау саласындағы кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа білім алу дағдыларын меңгерген; • фармацевтикалық талдау бойынша өзінің зертханалық жұмысы-ның нәтижелерін түсіндіреді, дәрілік заттардың сапасына нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қорытынды береді.
ОН6	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдістерін, ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері біледі: • талдаудың қазіргі заманғы мәселелері; • теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері; • ғылыми экспериментті ұйымдастыру және өткізу әдістемесі; • академиялық жазу ережелері және зерттеу нәтижелерін тұжырымдау
ОН7	Зерттелетін салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділіктерді білу мен түсінуді қолданады: • Дәрілік заттардың физикалық, химиялық қасиеттері мен алу тәсілдеріне сүйене отырып, сапалық көрсеткіштер арасындағы байланысты біледі және түсінеді; • Дәрілік заттардың физикалық және химиялық қасиеттеріне сүйене отырып, зерттеу және талдау әдістерін таңдайды; • Дәрілік заттардың химиялық құрылысы мен фармакологиялық әсері арасындағы өзара байланысты болжайды; • Дәрілік заттардың физикалық, химиялық қасиеттері мен алу тәсілдеріне сүйене отырып, сақталу мерзімі мен жағдайына болжам жасайды.
ОН8.	Оқу процесінде академиялық адалдық-тың принциптері мен мәдениетін түсінеді:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		4 стр. из 36

	● осы модульдің пәндері бойынша теориялық және практикалық материалды игеру үшін барлық бағалау жұмыстарын орындау кезінде білім алушының адалдығын білдіретін құндылық пен қағидаларды түсінеді					
5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН –мен байланысты БББ оқыту нәтижелері				
	ОН 1	ОН5. Дәрілік заттар, дәрілік өсімдік шикізаты, фармацевтикалық субстанциялар, стандартты үлгілер, қосымша заттар мен материалдардың сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын сақтайды				
	ОН 2					
	ОН 3					
	ОН 4					
	ОН 5					
	ОН 6	ОН 11. Өмір бойы білім алуға бейімді, кәсіби құзыреттілікті дамыту үшін ғылымдағы, фармацевтикадағы және денсаулық сақтаудағы тұрақты өзгерістер негізінде үздіксіз кәсіби дамудың және жоспарын дамыту траекториясын таңдайды. ОН12. Аналитикалық және зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту үшін ғылыми білімді қолданады, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізуге қабілетті.				
	ОН 7					
ОН 8	ОН 9. Денсаулық сақтау стейкхолдерлері арасында тиімді коммуникация дағдылары, үздіксіз кәсіби дамуға мотивациясы мен мәдени толеранттылығы бар.					
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өтетін орны (ғимарат, аудитория 101Б-105Б). Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы, бас ғимарат, фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы. Әл-Фараби алаңы-1, Телефон 8 (7252) 408 222. Ішкі 266					
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт. сабақ.	БӨЖ	ОБӨЖ
		10	-	30	56	24
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	ТАЖ	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі	Ғылыми қызығушылықтар және т.б.*	Жетістіктері	
1	Ордабаева Сәуле Құтымқызы	каф.меңг., профессор, фарм.ғ.д.	ordabaeva@mail.ru	1,2,3,4	8 ҚР алдын-ала патенттер, 17 авторлық куәліктер,250 жуық ғылыми жұмыстар, 1 монография, 5 оқу құралы, 1 лабораториялық практикум, 10 типтік оқу бағдарламаларының авторы	
2	Сопбекова Анаркүл Оңлабекқызы	проф. м.а., фарм.ғ.к.	anarkulsopbekova@mail.ru	1,2,4	130 аса ғылыми жұмыстардың,1 авторлық куәліктің, 2 оқу құралының, 4 типтік оқу	

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		5 стр. из 36

					бағдарламаларының, 90 аса оқуәдістемелік жұмыстарының авторы
3	Асильбекова Акмарал Джиенбековна	проф. м.а., техн.ғ.к.	asilbekova_akmaral@mail.ru	1,2,4	50 аса ғылыми жұмыстардың, 6 авторлық куәліктің, 3 оқу-әдістемелік құралының, 2 патенттің авторы 60 аса оқуәдістемелік жұмыстарының, 2 типтік оқу бағдарламаларының авторы
4	Турсубекова Баян Изтелеуовна	доц. м.а., фарм.ғ.к.	baian.69@mail.ru	1,2,4	30 аса ғылыми жұмыстарының, 5 авторлық куәліктің, 30 оқу-әдістемелік нұсқауларының, 1 оқу құралының авторы
5	Каракулова Айжан Ширинбекқызы	аға оқытушы, фармация магистрі	ayzhan2015@bk.ru	2,4	25 аса ғылыми жұмыстардың, 1 авторлық куәліктің, 1 оқу-әдістемелік құралының, 1 оқу құралының, интерактивті оқытудың 2 әдісі бойынша, 30 аса оқу-әдістемелік жұмыстарының, 2 типтік оқу бағдарламаларының авторы
6	Джанаралиева Каха Саидовна	Аға оқытушы	man-sur5_62@mail.ru	1,2,4	2 оқу-әдістемелік құралының, 5 авторлық куәліктің, 10 аса ғылыми әдістемелік жұмыстарының, 1 типтік оқу бағдарламасының авторы
7	Бидайбек Рамазан Нургазиевич	оқытушы, мед.ғыл. магистрі	ramazan.bidaybek@mail.ru	1,2	10 аса ғылыми және әдістемелік публикациялар, 1 авторлық куәліктің авторы
* Кафедраның приоритетті ғылыми бағыттары: 1. Отандық өсімдік шикізаты негізінде эффективті және қауіпсіз дәрілік препараттар жасау және стандарттау. 2. Физика-химиялық әдістерді қолданып дәрілік препараттарды талдау әдістерін өңдеу мен жетілдіру. 3. Уытты және күшті әсерлі заттардың химия-токсикологиялық талдауы. 4. Синтетикалық жаңа биологиялық белсенді қосылыстардың сапа спецификациясын					

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		6 стр. из 36

	жасау және стандарттау.					
8.	Тақырыптық жоспар					
Ап-та	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән-нің ОН	Са-ғат саны	Оқыту-дың түрлері / әдістері / оқыту техноло-гиялары	Бағалаудың түрлері/ әдістері
1	Дәріс. Тақырыбы: Аминқышқылдары және олардың туындылары.	Табиғи биологиялық белсенді қосылыстар (ББК) потенциалды дәрілік заттар (ДЗ) ретінде. Табиғи ББК классификациясы. Аминалон, аминокәпрон қышқылы, глутамин қышқылы: алифаттық қатардағы аминқышқылдарының ДЗ алу, физикалық, химиялық, фармакологиялық қасиеттері. Талдаудың жалпы және жеке әдістері, сапасына қойылатын талаптары.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырып-тық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Аминқышқылдары және олардың туындыларын талдау: аминалон, глутамин қышқылы.	Аминқышқылдары ДЗ-ның физикалық және химиялық қасиеттері, сапалық көрсеткіштері, фармакопоялық идентификациялау әдістері, тазалығын талдау және сандық анықтау. Медицинада қолданылуы. Тұрақтылық және сақтау мәселелері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жүппен жұмыс жа-сау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертхана-лық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Аминқышқылдары ДП және олардың туындылары. ДП-тағы органикалық азотты Къельдаль әдісімен анықтау.	Ағзадағы аминқышқылдарының биохимиялық рөлі. Аминқышқылдары мақсатты әрекет ететін дәрілік препараттар (ДП) ретінде: натрий-кальций эдетаты, тетадин-кальций. Жіктелуі. Алу тәсілдері. Биологиялық белсенділік-тің химиялық құрылыспен байланысы. Изомерияның мәні. Функционалдық талдау. Сапасына қойылатын талаптар.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	презента-цияны дайындау және қорғау, презента-цияға пікір жазу	Презентация ны дайындау мен қорғауды бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		7 стр. из 36

2	Дәріс. Тақырыбы: Көмірсулар дәрілік заттар ретінде.	Көмірсулар ДЗ-ның физикалық, химиялық, фармакологиялық қасиеттері: глюкоза, фруктоза, лео-вист, лактоза, сахароза, крахмал. Глюкозаның оптикалық белсенділігі ДП тазалығының көрсеткіші ретінде. Глюкозаның көпатомды спирттің жартылай ацеталы ретіндегі химиялық түрленуі. ДП-ға сілтілер мен қышқылдардың әсері. Сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері. Медицинада қолданылуы.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырып-тық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Аминқышқылдары ДП мен олардың туындыларын талдау: цистеин, ацетилцистеин.	Физикалық және химиялық қасиеттеріне, алу тәсілдеріне байланысты амин қышқылдарының ДЗ-ын идентификациялаудың, тазалығын талдаудың және сандық анықтаудың фармакопоялық және фармакопоялық емес әдістері. Медицинада қолдану, сақтау.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Көмірсулар туындыларының дәрілік препараттары.	Көмірсуларға ДЗ-ын талдау әдістері мен сапасына қойылатын талаптар. Оптикалық белсенділік константалары сапалық көрсеткіш ретінде. Медицинада қолданылуы. Тұрақтылық мәселелері және сақтау шарттары.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	рефераттарды дайындау және қорғау, рефератқа пікір жазу,	Рефератты дайындау мен қорғауды бағалау,
3	Дәріс. Тақырыбы: Бүйрек үсті безінің миы қабатының гормондары.	Организмдегі катехоламиндердің биохимиялық рөлі. Эпинефрин, норепинефрин ДП және олардың тұздары: қышқылдық-негіздік және тотығу-тотықсыздану қасиеттері. Тұрақтылық мәселелері және оны шешу жолдары, идентификациялау, талдаудың жалпы және жеке әдістері, дәрілік түрлерге	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырып-тық	Кері байланыс

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		8 стр. из 36

		сәйкес сапаға қойылатын талаптар.				
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Көмірсулар ДП талдау: глюкоза, фруктоза	Көмірсулардың физикалық және химиялық қасиеттері: физикалық константалар, сапалық көрсеткіштері, биологиялық белсенділік пен тұрақтылыққа байланысты талдау әдістерінің негізіндегі тотығу-тотықсыздану қасиеттері. Көмірсулар ДЗ-ын талдаудың фармакопоялық және фармакопоялық емес әдістері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жұппен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Бүйрек үсті безінің гормондарының синтетикалық аналогтары.	ДЗ-ды алудың биохимиялық алғышарттары, қосылыстарды мақсатты іздеу және іріктеу: дофамин гидрохлориді, леводопа, метилдофа. ДП-ды алу әдістері, тазалық көрсеткіштері. Сапасына қойылатын талаптар, талдаудың жалпы және жеке әдістері.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1/3	презентацияны дайындау және қорғау, презентацияға пікір жазу.	Презентацияны дайындау мен қорғауды бағалау
4	Дәріс. Тақырыбы: Қалқанша безінің гормондары - ароматты және арилалифатты аминқышқылдарының йодталған туындылары.	Ароматты және арилалифатты амин қышқылдарының йодталған туындылары: тиреодин, трийодтиронин және олардың синтетикалық аналогтары (лиотиронин гидрохлориді, левотироксин-натрий және т.б.). Алу көздері. Жалпы зерттеу әдістері, құрамында йод бар органикалық ДЗ-дың сапасын бағалаудың химиялық және физика-химиялық әдістері. Оттекті колбада жағу әдісі.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырыптық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Бүйрек үсті безі гормондарының ДП талдау. Эпинефрин, норепинефрин және олардың тұздары	ДП-ның физикалық және химиялық қасиеттері. Нормативтік құжаттардың (НҚ) талаптарына сәйкес ДП идентификациялау, тазалығын талдау және сандық анықтауының жалпы және жеке әдістері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		9 стр. из 36

	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Қалқанша безі гормондарының ДП - ароматты және арилалифатты аминқышқылдарын ың йодталған туындылары. Органикалық ДП-дағы йодты анықтау.	Ағзадағы қалқанша безі гормондарының биосинтезі. ДП алу көздері. Физикалық, химиялық қасиеттері. Жалпы зерттеу әдістері, құрамында йод бар органикалық заттардың сапасын бағалау үшін химиялық және физикалық әдістер кешенін қолдану. Медицинада қолданылуы, сақтау.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	рефератта рды дайындау және қорғау, рефератқа пікір жазу	Рефератты дайындау мен қорғауды бағалау
5	Дәріс. Тақырыбы: Терпеноидтар дәрілік заттар ретінде. Тритерпенді сапониндер ДЗ ретінде	Моноциклді терпеноидтар. Бициклді терпеноидтар, құрылысы мен фармакологиялық әсері арасындағы байланыс. Табиғи көздері және дәрілік заттарды алу әдістері. Физикалық және химиялық қасиеттері, жалпы және жеке идентификациялау әдістері. ДП молекуласындағы бром мен күкірт атомын анықтау әдістері. Сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері. Медицинада қолданылуы, сақтау шарттары. Тритерпенді сапониндердің ДЗ (глицирризин қышқылы, глицирретин қышқылы) және олардың модификацияланған жартылай синтетикалық туындыларының (18-дегидроглицирретин қышқылы, глиамин) алынуының табиғи көздері. Химиялық құрылымымен биологиялық әсері арасындағы байланысы. Физикалық, химиялық қасиеттері мен биологиялық белсенділігіне әсер ететін құрылымның ерекшеліктері. Дәрілік заттардың сапасына қойылатын талаптар және	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырып-тық	Кері байланыс

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		10 стр. из 36

		талдау әдістері.				
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Қалқанша безі гормондарының ДП талдау: левотироксин-натрий, лиотиронин гидрохлориді.	Физикалық және химиялық қасиеттері, құрамында йод бар ДП анықтау және сандық анықтау ерекшеліктері. Өзі екендігін, тазалығын және сандық мөлшерін талдаудың фармакопеялық әдістері. Медицинада қолданылуы, сақтау.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кенес. БӨЖ тапсырмасы: Терпеноидтар ДП. Табиғи көздері, алу әдістері, тазарту және стандарттау әдістері.	Табиғи көздері және алу әдістері, физикалық, химиялық қасиеттері, талдаудың жалпы, жеке әдістері, қолданылуына және дәрілік формаларға сәйкес сапаға қойылатын талаптар. Құрылысы мен фармакологиялық әсері арасындағы байланысы. Медицинада қолданылуы.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	презентацияны дайындау және қорғау, презентацияға пікір жазу.	Презентацияны дайындау мен қорғауды бағалау
6	Дәріс. Тақырыбы: Стероидты қосылыстар: жүрек гликозидтері	Жүрек гликозидтері және олардың жіктелуі. Стерикалық факторлардың рөлі, құрылымдық фрагменттердің биологиялық белсенділікке, ерігіштікке, уыттылыққа әсері. Табиғи гликозидтердің қышқылдық және ферментативтік гидролизі және ДЗ алынуы. Гликозидтердің стандартизациясы. Гликозидтерді сандық анықтаудың биологиялық және физика-химиялық әдістері. Олардың тұрақтылығына әсер ететін факторлар.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырыптық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Моноциклді терпеноидтардың ДП талдау: ментол, валидол, терпингидрат	Терпеноидтар ДП физикалық, химиялық қасиеттері. Алу тәсілдеріне байланысты тазалық көрсеткіштері. НҚ талаптарына сәйкес ДП талдау әдістері мен сапасын бақылау.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жүппен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		11 стр. из 36

						ауызша сұрау,
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Бициклді терпендердің ДП: сульфокамфор қышқылы, сульфокамфокаин.	Камфора туындылары ДП жасаудың алғышарттары. Сульфокамфокаин қышқылы мен сульфокамфокаинді синтездеу әдістері және ДП тазалығын талдау. Физикалық және химиялық қасиеттері, химиялық құрылысы мен ДП құрамына байланысты талдаудың жалпы және жеке әдістері. Дәрілік түрлерге сәйкес сапасына қойылатын талаптар. Медицинада қолданылуы.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1/3	презентацияны дайындау және қорғау, презентацияға пікір жазу.	Презентацияны дайындау мен қорғауды бағалау
7	Дәріс. Тақырыбы: Стероидты гормондар: гестагендер және эстрогендер	Стероидты гормондардың ағзадағы рөлі: прегненолон стероидты гормондардың негізгі және алғашқы өкілі ретінде. Прогестерон және оның аналогтары синтезінің алғы шарттары. Эстрогендік әсері бар жартылай синтетикалық препараттарды алудың биологиялық алғы шарттары. Эстрогенді препараттардың химиялық құрылысының ерекшеліктері. Сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері. Медицинада қолданылуы, сақтау шарттары.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырыптық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Бициклді терпендердің ДП талдау: камфора, бромкамфора.	Физикалық және химиялық қасиеттері, жалпы және жеке идентификациялау әдістері. Физикалық константалар өзі екендігі мен тазалығының көрсеткіші ретінде. Ковалентті байланысқан бром атомы арқылы бромкамфораны анықтау және сандық анықтау ерекшеліктері. ДП талдаудың фармакопоялық және фармакопоялық емес әдістері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жұппен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес.	ДП талдаудың физика-химиялық әдістерінің негізінде жатқан физикалық	ОН1, ОН3, ОН4,	2/3	реферат дайындау және	Рефератты дайындау мен

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		12 стр. из 36

	БӨЖ тапсырмасы: Амин қышқылдары, көмірсулар, ароматты гормондар талдауының физика-химиялық (аспаптық) әдістері.	және химиялық қасиеттерінің ерекшеліктері. Рефрактометрияны, поляриметрияны, потенциометрияны, полярографияны, УК және көрінетін аймақтардағы спектральды фотометрияны және хроматографиялық әдістерді (ЖҚХ, ГХ, ЖЭСХ) ДП өзі екендігін, тазалығын және сандық құрамын талдауда қолдану.	ОН5, ОН6, ОН7, ОН8		қорғау, рефератқа пікір жазу	қорғауды бағалау
8	Дәріс. Тақырып: Стероидты гормондар: андрогендер және анаболиктер және кортикостероидтар	Андрогендік гормондар ДЗ ретінде. Құрылысы мен биологиялық әсері арасындағы байланыс. Анаболикалық әсері бар жартылай синтетикалық препараттарды алудың биологиялық алғы шарттары. Физикалық және химиялық қасиеттері, сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері. Медицинада қолданылуы. Ағзадағы бүйрек үсті бездерінің қыртысты қа-баты гормондарының био-синтезі. Күрделі эфирлер, құрамында фторы бар аналогтары және гемисук-цинаттардан кортикосте-роидты ДП алынуының алғы шарттары. Дәрілік заттардың жіктелуі. Құрылысының ерекшеліктері, физикалық және химиялық қасиеттері. Сақтау кезіндегі өзі екендігін және тұрақтылығын анықтау негізінде жатқан тотығу-тотықсыздану қасиеттері.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырып-тық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Стероидты гормондардың ДП, кортикостероидтарды талдау: кортизон, гидрокортизон	Кортикостероидтардың табиғи және жартылай синтетикалық дәрілік препараттары. Физикалық және химиялық қасиеттері: спектральды сипаттамалары, физикалық константалары, кортикостероидтардың өзі екендігін,	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		13 стр. из 36

	және олардың эфирлері, преднизон және преднизолон.	тазалығын және сандық мөлшерін анықтау негізінде жатқан тотығу-тотықсыздану қасиеттері.				3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Аралық бақылау-1	1-7 апта тақырыптары.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	Тестілеу, НСТ, «белгісіз формула»/	Тестілеу, НСТ, «белгісіз формула» тапсырмаларын орындауды бағалау
9	Дәріс. Тақырып: Бета-лактаמידтер: табиғи және жартылай синтетикалық пенициллиндер және цефалоспориндер.	Антибиотиктер ғылымының ДЗ ретінде дамуы және қалыптасуы. Фармакологиялық және химиялық жіктелуі. Антибиотиктерді стандарттау ерекшеліктері. Сапасына қойылатын жалпы талаптар. Антибиотикалық препараттардың сапасын бағалаудың биологиялық, физикалық және химиялық әдістері. Антибиотиктердің белсенділік бірлігі.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырыптық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Стероидты гормондардың ДП, құрамында фторы бар преднизон мен преднизолонның аналогтары - кортикостероидтардың талдауы: дексаметазон, флуцинолон ацетонид, синалар және т.б.	Кортикостероидтардың құрамында фторы бар аналогтарын алудың алғы шарттары. Физикалық және химиялық қасиеттерінің ерекшеліктері, ковалентті байланысқан фтор атомын анықтау. Фотометриялық әдістерді қолдану арқылы препараттардың тазалығын және сандық мөлшерін анықтау.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жүппен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Жүрек гликозидтері:	Стероидты гормондардың синтезінің биологиялық схемасы және олардың ағзадағы рөлі. Табиғи және жартылай синтетикалық гормонды препараттарды алудың жалпы әдістері. Жалпы физикалық және	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1/3	презентацияны дайындау және қорғау, презентацияға пікір жазу	Презентацияны дайындау мен қорғауды бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		14 стр. из 36

	табиғи алу көздері, шикізаттан бөлу әдістері, тазарту және стандарттау	химиялық қасиеттері. Стандарттаудың химиялық, спектральды және хроматографиялық әдістері.				
10	Дәріс. Тақырып: Нитрофенилал-киламин антибиотиктерінің ДП талдау. Антибиотиктер тетрациклиндер	Ароматты қатардағы антибиотиктер – левомицетин және оның күрделі эфирлері. Құрылымы мен биологиялық әсері арасындағы байланысы. Стереоизомерияның биологиялық белсенділікке, физикалық және химиялық қасиеттеріне әсері. Левомицетин және оның күрделі эфирлерін алудың табиғи көздері. Сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері. Тетрациклиндердің химиялық құрылысы мен қасиеттерінің жалпы сипаттамасы. Құрылысы мен биологиялық әсері арасындағы байланысы. Тетрациклиндердің эпимеризациясы: тетрациклиннің эпи- және ангидро туындылары, сапасын бақылау әдістері. Сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері.	ОН1, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1	тақырып-тық	Кері байланыс
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Андрогендер стероидты гормондарын және олардың туындыларын талдау: тестостерон пропионат, метилтестостерон, метландростендиол, метандростенолон.	Андроген туындылары ДП құрылысының ерекшеліктері. Дәрілік заттардың тазалығының көрсеткіштері ретінде спектрлік сипаттамалары және физикалық химиялық қасиеттері, физикалық константалары. НҚ талаптарына сәйкес өзі екендігін және сандық мөлшерін анықтау әдістері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жұппен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Стероидты	Гестагендердің ағзадағы биосинтезінің биологиялық схемасы. Химиялық құрылысы мен биологиялық әсері арасындағы байланыс және	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7,	2/3	презентацияны дайындау және қорғау, презентацияны	Презентацияны дайындау мен қорғауды бағалау

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		15 стр. из 36

	гестагендік гормондарды және олардың туындыларын талдау: норэтистерон (норколут), медроксипрогестерон ацетаты (провера), прегнин.	осы байланыс негізде гестагендердің синтетикалық аналогтарын алынуы. Алу көздері. НҚ талаптарына сәйкес физикалық, химиялық қасиеттері, талдау әдістері, сапасын бақылау. Медицинада қолданылуы, сақт алуы.	ОН8		цияға пікір жазу	
11	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Эстрогенді стероидты гормондарды талдау: этинилстрадиол, местранол, эстриол дипропионаты.	Эстрогендер ДП химиялық құрылымының ерекшеліктері. Физикалық және химиялық қасиеттері. Ароматты және стероидты қосылыстардың туындылары ретіндегі дәрілік заттарды талдау әдістері, НҚ талаптарына сәйкес сапасын бақылау.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	жұппен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Анаболикалық стероидты гормондар және 19-нортестестерон туындылары: нандролон фенилпропионаты (феноболин), нандролон деканоаты (ретаболил).	Анаболикалық әсері бар препараттарды алудың алғы шарттары. Анаболиктердің биологиялық белсенділігінің ерекшеліктері, құрылымы мен биологиялық әсері арасындағы байланысы. Сапасына қойылатын талаптар, талдау әдістері. Медицинада қолданылуы. Сақталуы.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	презентацияны дайындау және қорғау, презентацияға пікір жазу	Презентацияны дайындау мен қорғауды бағалау
12	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Тритерпенді сапониндердің ДП талдауы: глицирам, глидеринин, натрий глидеринині.	Тритерпендік сапониндер туындылары ДП физика-химиялық қасиеттері. Физикалық константалар өзі екендігін және тазалығын анықтаудың крсеткіші ретінде. Химиялық қасиеттері және НҚ талаптарына сәйкес сапасын бақылау әдістері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		16 стр. из 36

	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Тритерпенді сапониндердің ДП: глицирризин қышқылы, глицирретин қышқылы, 18-дегидро-глицирретин қышқылы және олардың туындылары.	Мия тамырынан ДП жасау саласындағы отандық ғалымдардың еңбектері. Мия тамырының негізгі компоненттері глицирризин қышқылы және оның туындылары: глицирам, ниглизин, глидеринин, биосластин және олардың біріктірілген препараттары. Құрылымы мен биологиялық әсері арасындағы байланысы. Физикалық, химиялық қасиеттері, сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1/3	«Белгісіз формула» банк қорын дайындау, ДЗ сапалық спецификациясын дайындау	«Белгісіз формула» банк қорын дайындау, ДЗ сапалық спецификациясын дайындауды бағалау
13	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Антибиотиктер ДП, бета-лактамидтердің туындыларының талдауы: бензилпенициллин натрий (калий), новокаин тұздары, феноксиметилпенициллин, ампициллин, цефалотин, цефалексин.	Антибиотиктерді алудың табиғи көздері мен алу әдістері, табиғи және жартылай синтетикалық пенициллиндер мен цефалоспориның туындылары. Мүмкін болатын тектес қоспалар ретінде химиялық түрлендірудің өнімдері. Физикалық және химиялық қасиеттері, сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері. Йодометрия және алкалометрия әдістерімен пенициллиндерді сандық анықтау ерекшеліктері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертханалық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Антибиотиктер, аминогликозидтердің туындылары, бета-лактамаза тежегіштері (ингибиторлары).	Стрептомицин тобының антибиотиктері (канамицин сульфаты, гентамицин сульфаты) және бета-лактамаза тежегіштері: сульбактам, клавулан қышқылы. Дәрілік заттарды алудың табиғи көздері және алу әдістері. Жалпы физикалық-химиялық қасиеттері, сапасына қойылатын талаптар және талдау әдістері.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2/3	«Белгісіз формула» банк қорын дайындау, ДЗ сапалық спецификациясын дайындау	«Белгісіз формула» банк қорын дайындау, ДЗ сапалық спецификациясын дайындау орындау
14	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Нитрофенилалкиламидер антибиотиктері ДП	Нитрофенилалкиламидер антибиотиктері туындылары – левомицетин (хлорамфеникол) және оның күрделі эфирлері. Химия-	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7,	2	шағын топпен жұмыс жасау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		17 стр. из 36

	туындылары: левомецетин, левомецетин стеараты, левомецетин сукцинаты	лық құрылысының ерекше- ліктері: хлор атомы және нитротоп бойынша ДП өзі екендігін және сандық млшерін анықтау әдістері. Дәрілік заттарды алу әдістеріне байланысты олардың тазалығына қойы- латын талаптар.	ОН8			2. зертхана- лық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Макролидтер мен азалидтер антибиотиктерінің туындылары.	Макролидтер тобының антибиотиктері, азалидтер: эритромицин, азитромицин (сумамед) және макролид- терге әсері ұқсас линко- мициндер: линкомицин гидрохлориді, клиндами- цин. Табиғи алу көздері және алу әдістері. Жалпы физикалық-химиялық қасиеттері, сапасына қойы- латын талаптар және талдау әдістері.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1/3	«Белгісіз формула» банк қорын дайындау, ДЗ сапалық специфи- кациясын дайындау	«Белгісіз формула» банк қорын дайындау, ДЗ сапалық специфи- кациясын дайындауын орындау
15	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Тетрациклин туындылары: тетрациклин, окситетрациклин, метациклин, доксидиклин	Табиғи және жартылай синтетикалық тетрацик- линдер. Химиялық құры- лысының ерекшеліктері: құрылысы мен биология- лық әсері арасындағы байланысы. Сапасына қойылатын талаптар, сапа- сын бақылаудың фармако- пеялық және фармако- пеялық емес әдістері.	ОН2, ОН3, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	2	шағын топпен жұмыс жа- сау	Зертханалық жұмысты қорғау: 1. теориялық дайындық; 2. зертхана- лық жұмысты орындау; 3. хаттаманы безендіру
	ОБӨЖ. БӨЖ орындалуы бойынша кеңес. БӨЖ тапсырмасы: Аралық бақылау-2	8-15 апта тақырыптары.	ОН1, ОН3, ОН4, ОН5, ОН6, ОН7, ОН8	1/2	Тестілеу, НСТ, «белгісіз формула», жобалық жұмыстың аралық есебі	Тестілеу, НСТ, «белгісіз формула» тапсырма- ларын орындауды бағалау/жлб аалық жұмыстың араалық есебін қорғау
Дәрістердің сағат саны				10		
Зерт. сабақтардың сағат саны:				30		
БӨЖ сағат саны:				68		
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу:				12		

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы		044-55/
Пәннің жұмыс бағдарламасы (СИЛЛАБУС) «Табиғи дәрілік заттарды талдау»		18 стр. из 36

БӨЖ бойынша жалпы сағат саны:		80		
Жалпы сағат саны:		120		
	*Ескерту: Білім алушылардың жұмыстарын бағалау БӨЖ-ге арналған әдістемелік өңдеулерде көрсетілген критерийлер бойынша жүргізіледі.			
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері			
9.1	Дәрістер	Презентация түріндегі тақырыптық дәрістер.		
9.2	Зертханалық сабақтар	Зертханалық сабақтар: шағын топтардағы жұмыс, жұппен жұмыс.		
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	ДЗ сапасының спецификациялары мен "мылқау" деректер банкін құру; тест тапсырмаларын дайындау, тестке пікір жазу.		
9.3.1	Проектілердің тақырыптары	Құрамында ароматты қосылыстары бар ДП талдау; Құрамында стероидты қосылыстары бар ДП талдау; Терпеноидтар		
9.4	Аралық бақылау	Аралық бақылау 3 кезеңде жүргізіледі: тестілеу / АКС / "белгісіз" формуласы.		
10.	Бағалау критерийлері			
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері			

ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
